

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Philology series

№1 (159)

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім Раздел 1 Әдебиеттану Литературоведение

Жаксылыков А.Ж. Методологические принципы изучения поэтики и эстетики казахских и ногайских жырау	4
Abdulina A. Axiological dominants of modern Kazakh literature in the light of the «Mangelic el» idea	14
Айнабекова Г.Б. «Дегдар» ПО	18
Ахметжанова А.И. Руническое письмо как хранитель исторической информации	22
Базылова Б.К., Калинина В.В. Приемы создания образа в литературном портрете	28
Дәдебаев Ж., Бисенбаев П., Кәрібозов Е. Шыңғыс Айтматовтың психопэтикасы	34
Джалдасбекова Б.У., Баратов Ш.М. Исследование творчества Пушкина в литературоведении Казахстана	40
Жанабаев К., Акбердикызы У. Теория Парри-Лорда в исследовании поэзии жырау XV-XVIII веков	46
Исмаилова Н. Отношение к восточным и западным традициям в Нахчыванской литературной среде (XIX век - начало XX века)	52
Қабылов Ә.Д. Гротеск: теориясы мен қолданысы	60
Какильбаева Э.Т. Семиотика «алматинского текста» в поэмах Владимира Луговского и Олжаса Сулейменова	66
Қалқабаева С.Ә. Әзілхан Нұршайықовтың лирикалық повестері	72
Мейрамғалиева Р.М. К вопросу о влиянии Горького на творчество А.И. Куприна	78
Рамазанова А.Х. История издания дастана «Арзу и Гамбар» в Европе	84
Сейтқазы Ә.А. О. Бөкей шығармаларындағы образы-символдар	90
Садықов С. Түркология тарланы	96
Temirbolat A.B., Aisultanova K.A. Features of National Idea's Reflection in the Kazakh Literature	106

2-бөлім Раздел 2 Тіл білімі Языкознание

Ақбаров А. Семантический анализ различных типов дискурса в трудах Руми и Диздара	114
Абаева Ж.С. Препедентные тексты в СМИ	120
Абдурахманова К. Синтаксико-семантический обзор эмотивности в тексте	126
Айтмамбетов Ф.У., Лесбекова Л.Ж., Калдыкызова С.Е., Анартаева Г.У., Турсунов А.Н. Позиционные сингармонические и несингармонические чередования звуков (на материале казахского, узбекского и русского языков)	132

Айнабекова Г.Б.,
Баянбаева Ж.А.

«Дегдар» ПО

Мақалада шетел әдебиетінің аса көрнекті өкілі, жазушы Эдгар Аллан По өмірі мен шығармашылығы қарастырылған. Эдгар әдебиетке ең алғаш ақын ретінде келгендігі, алғаш өлеңдер жинағының қалай жарық көргендігі жайында сөз етіледі. Және алғашқы қадамының аса сәтті бола қоймағандығы, десек те небәрі 19 жасында жазған поэмасынан-ақ жас ақынның терең білімді болғаны, батыс пен шығыс әдебиетін, тарихын барынша салыстыра отырып, көп оқығаны тандай қақтырады. Сондай-ақ, болашақ жазушының тағдыры өмір есігін ашқан алғашқы жылдарынан бастап түрлі күйге енгендігі. Өміріндегі қиындықтарға қарамастан, әдебиеттегі өз орнын ойып алатындығы айтылады. Сонымен қатар, жазушының өмірден озғаннан кейін де оның өмірі жайындағы тосын жайттардың болғандығы айтылады.

Түйін сөздер: әдебиет, жазушы, ақын, өмір, әке, поэма, өлгіме.

Ainabekova G.B.,
Bayanbay Zh.A.

«Degdar» PO

The article deals with the life and creative activity of the famous writer of foreign literature of Edgar Allan Poe. It is said that Edgar Allan Poe made his first step in the literature as a poet, how have been published his first collection of poems. However, the first step in the literature was not particularly successful, but in spite of his poem, which was written by him in 19 years you can see that it was full of Western and Eastern literature, knew well and had a deep knowledge of history. Also, the article says that the fate of the writer there was not a smooth birth. But despite the difficulties in life, it takes place in ososboe literature. More in the article there is information that after his death were some of the events relating to his life.

Key words: literature, writer, poet, life, father, poem, story.

Айнабекова Г.Б.,
Баянбаева Ж.А.

«Дегдар» ПО

В статье рассматривается жизненная и творческая деятельность известного писателя зарубежной литературы Эдгара Аллана По. Говорится о том, что Эдгар Аллан По сделал свой первый шаг в литературу в качестве поэта, о том, как был опубликован его первый сборник стихов. Однако, первый шаг в литературу не был особо удачным. Однако, познакомившись с его поэмой, которая была написана им в 19 лет, можно заметить, что он был насыщен западной и восточной литературой, хорошо знал и имел глубокие знания по истории. Так же, в статье говорится, что судьба писателя была не гладкой с рождения. Но несмотря на сложности в жизни, он занимает особое место в литературе. В статье даются сведения о некоторых событиях касающихся его жизни.

Ключевые слова: литература, писатель, поэт, жизнь, отец, поэма, рассказ.

«ДЕГДАР» ПО

1949 жылдан бастап 59 жыл бойы Балтимор қаласында орналасқан қабір күзетшілері ерекше бір оқиғаға куә болып келіпті. Эл-дебір қарт адам әр жылдың 19 қаңтарында атақты жазушы Эдгар Аллан По жерленген қабіріне келіп, жартылай ішілген коньяк пен үш тал қызыл раушан гүлін тастап кетеді екен. Оның кім және мақсаты не екенін білмек болған әрекеттердің бәрі де сәтсіз шығыпты. Сондықтан болар, кейбіреулер «бұл келген адам жазушының елесті» дейтін көрінеді. Алайда, жазушы өмірден өткеннен кейін араға 100 жыл салып пайда болған бұл нендей құбылыс? Оны көргендер көп те, қолмен ұстағандар неге жоқ? Тіпті, өзінің туысқан апасы Марри Клеммге жазған хаттарының бірінде жазушы «қабір аларап қыдыруды, өлгендермен сөйлесуді жаны қалайтынын» жазған еді. Неге? Бәрі де жауапсыз сұрақ. Бір анығы – жарық дүниеде «ер-тұрманы бүтінделмей кеткен» (М. Мақатаев) тұлғаның өмірге айтар өкпесі әлі таусылмаған сынды [2, 36].

Эдгар По 1809 жылы Бостонда өмірге келді. Ата-анасы көшпелі актерлер труппасының әртістері еді. Бірақ, болашақ жазушының тағдыр тәлейі өмір есігін ашқан алғашқы жылдарында-ақ аумалы-төкпелі күйге түсіпті. Алдымен әкесі тастап кетті. Кейін, үш жасында анасы ауыр наукастан көз жұмды. Жетім қалған сәбиді Ричмондтық бай, саудагер Джон Аллан асырап алады. Кейін олар Ұлыбританияға қоныс аударып, өгей әке Эдгарды тек қалталылардың ғана балалары оқитын пансионға береді. Бес жылдан соң, Алландар отбасы 1820 жылы Ричмондқа қайтып оралып, Эдгар колледжге оқуға түседі және осы оқу орнында алған білімі өміріне азық болады. Оны 1826 жылы аяқтап, Вирджиния университетіне қабылданады. Алайда, Эдгар бұл университетте тек 1 жыл ғана оқиды. Оған себебеп, 17 жасар бозбала әкесі Джон Алланға ескертпей, өз бетімен Сара Ройстер есімді бойжеткенмен некелесіп алуы еді. Баласының бұл қылығын кешірмеген өгей әке оны үйден қуып шығады. Бірақ, көп ұзамай әке мен бала қайта татуласып, Эдгар Вест Пойнт әскери академиясына түседі. Мұнда да бір жыл оқиды да, тәртіпсіздігі үшін тағы да оқудан қуылады. Баласының осы әрекетінен соң Джон Эдгардан мүлдем күдер үзеді. Тіпті, өзі қайтыс болған соң да өгей әке баласына мина рас етіп ештеңе де қалдырмапты [1, 95].

Эдгар әдебиет ауласына ең алғаш ақын ретінде аяқ басады. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1827 жылы «Темарлан жә-

не өзге де өлендер» деген атпен құрастырылады. Кейбір деректерде, жас акын таралымы өте аз тырнақалды кітапшасын өзі оқыған университеттің 1 курс студенттерінен жиналған ақшаға шығарса керек. Алайда, алғашқы туындылар Эдгарға танымалдылық әкеле қоймайды. Тіпті, ондай акынның бар екенінен маңындағы бірнеше достарынан басқа ешкім де хабардар болмапты. 1829 жылы аталған өлендерге «Әл-Аараф» поэмасы қосылып, «Әл-Аараф, Тамерлан және өзге де өлендер» дейтін екінші топтамасын бастырады. Кітаптары дүкенге де түседі. Десе де, Эдгар кітаптарын сатып алушылар саны өте аз болып, оның әдебиет ауласына қарай аттаған екінші қадамы да сәтсіз шығады.

Эдгардың «Тамерлан» поэмасын кейінгі сыншылар да жоғары бағаға лайықты деп есептемейді. «Шығармада 27 мемлекетті билеген Әмір Темірдің шынайы бет-бейнесі, тұлғалық қыры мүлдем көрсетілмеген, оның ақыл-парасаты айқын емес, мазмұны мен тақырыбы онша қабыспайды», – дейді. Шындығында да солай. Мұны Эдгардың өзі де мойындаған және «Тамерланды» қайта жазып шығатынына бір кездері уәде де берген көрінеді. Дегенмен, еңсесін басқан жоқшылықпен арпалысып өткен ғұмыры жазушының бұл поэмаға қайта айналып соғуына мүмкіндік бермеген сынды. Осы тұста ескере кететін жайт – небәрі 19 жасында жазған поэмасынан-ақ жас акынның терең білімді болғаны, батыс пен шығыс әдебиетін, тарихын барынша салыстыра отырып көп оқығаны тандай қактырады. Өзі тәрбиеленген христиан әлемімен қатар өзге де діндердің мән-мазмұнына көңіл аударады. Діни аңыз-әфсаналардан шығармашылық қайнар бұлақ іздейді. Екінші жыр жинағында жарияланған «Әл-Аараф» поэмасы осыған дәлел. Ол «Әл-Аарафты» араб сөздігінен «адам жанының не жұмаққа, не тозаққа бармай, қияметті күтетін орны» деп тапса керек. Ислам дінінде оны «Барзах әлемі» деп атайтыны белгілі. Поэмада автор «адам жанының ең жоғарғы әсемдігі мен құдайға сенудің шынайы ақиқат жолын» толғайды. Ең бастысы – ешқандай діннің жетегінде кетпей, таза әдеби шығармашылық тұрғыда талдау жасамақ болады. Бірақ, бұл поэманы да Эдгар шығармашылығының жоғары сатысына қоюға келмейді. Оның өмірі мен әдеби еңбектерін зерделеген сыншылар: «Әл-Аараф – Эдгар По жастық шағының соңғы белесі», – деп атайды.

Өгей әке өзекке тепкен соң Эдгар жоқшылықтың зардабын қатты шегеді. Осының әсерінен жастық шағының көп уақытын карта ойнаумен, арақ ішіп, наша шегумен өткізеді. Алайда, ол өзінің бойында бар шығармашылық талантын ешқашан

өлтірем деп ойлаған емес. Күндіз ырду-дырдума әуестеніп, той-томалақ аңдыса, түн ортасына қарай қаламын алып, жазуға отыратын. «Кейде кедейшіліктен қажыған сәттерін ұмытып, ойың қиялға беріп, шығармаларың алаңсыз жазу үшін көп ішетін еді», – деп, естелік айтады көзін көргендер. Ал, кейбірі оны дер кезінде түсінбеген, тіпті, түсінгісі келмеген сынды. Бақталастары да аз болмаған. Оған Эдгардың туралықтан таймайтын, бірақ айтқанынан қайтпайтын қайсар мінезі де әсер етсе керек. Оның әдеби ортаны бағындыруы 1833 жылы жарық көрген «Шөлмектен шыққан қолжазба» деп аталатын әңгімесімен тікелей байланысты. Дәл сол жылы «Шөлмектен шыққан қолжазба» балтиморлық апталық «The Visiter» газеті өткізген әдеби байқауда үздік атанып, авторға 100 доллар көлемінде сыйақы беріледі. Ақша да дәл уақытында жетіп, Эдгарды санаулы күн болса да аштықта құтқарады. «Аштықта жеген құйқаның дәмі аузынан кетпеген» автор осыдан кейін-ақ прозаға деңсін қояды. Сонда да, азын-аулақ қаламақыға күн көрудің қиын екенін түсінген жазушы 1835 жылы өз ұстаз санайтын жазушы Джон Кеннедиге хат жазады. Ол хатында: «Менің жаным ауырады. Бұрын соңды мұндай күйге түспеппін. Өзімді бақытсыз санаймын. Мені «өмір сүруің керек және өмірде күдеріңді үзбе» деп көндіріңізші. Маған жанашырлық танытыңызшы», – дейді. Арада бірнеше айт өткен соң Дж.Кеннеди оған «жауыңмен (ең басты жауы «кедейшілік» еді – Н.Т.) аянбай күрес Оған беріліп қойма» деген мазмұнда жауап жазып жібереді және өзінің досы, «Оңтүстік әдебиет хабаршысының» редакторы Томас Уайтқа Эдгарды жұмысқа алуын өтінеді. Оның үстіне бар болғаны 500 таралыммен шығатын хабаршы жаңа талантқа, өзгеше ойлайтын журналистке зәру еді. Эдгар бұл журналды өзінің жеке журналы ретінде балап, бар қажыр-қайратын сала жұмыс істеді. (Эдгар өмір бойы өзінің жеке әдеби журналы болса деп армандаған – Н.Т.) Бір жылдық жалақысы 520 долларды құрайды. Алайда, журнал 1836 жылдың аяғында әлдебір түсініксіз себептермен жұмысын тоқтатады. Шамасы, Томас Уайттың бақталастары журнал беделінің артып келе жатқанын көре алмаған сыңайлы.

Бұдан кейін де жазушы бірнеше газет-баспаларда қызмет атқарады. Ешқайсысына екі жылдан артық тұрақтамаған екен. Атақты «Құзғын» «Алтын қоңыз», «Тірідей жерленгендер» сынды шығармаларынан алған қаламақысы оны бәрібір кедейшіліктен құтқара алмапты. Оның үстіне, өзі не алыс туысқан болып келетін Виргиния есімді әйелінің (Виргинияға үйленуін әркім әр түрлі жорамал айтады, Ең бастысы – Эдгар бұл әйелі

өте қатты жақсы көрсе керек. Оған жазушының әйеліне арнап жазған хаттары дәлел – Н.Т.) ауыр науқасы жазушының жанына тіптен де қатты батады. Күндіз нәпақа іздеумен сандалса, түнде шығармаларын жазып, науқас әйелін күзетумен уақыты өтеді. Өзге замандастары сынды бала сүю бақыты әйгілі жазушының маңдайына жазылмапты. 6 жыл бойы арпалысқан құрт ауруы ақыры 1846 жылы Виргинияны алып тынады.

1848 жылы Эдгар По Ричмондқа қайтып оралады да, бір кездері өзінің ең алғашқы некелі жары болған Сара Ройстерге кездеседі. Олардың ажырасуына өгей әке Джон Алланның ықпалы болған еді. Сондықтан, екі ғашық бір-біріне «өкпе-ренішсіз» кетіскен. Эдгармен ажырасқаннан кейін Сара бір ауқатты адамға тұрмысқа шығып, кейін күйеуі қайтыс болып, екі бала мен 100 мың долларлық дәулетке ие болып қалыпты. Құлай сүйген Эдгарымен екінші мәрте табысса да Сараның жазушыға қайта некелесуіне мүмкіндігі тұмайды. Оған Сараның алдыңғы күйеуінен қалған балалары қарсылық білдірсе керек. Алғашқыда өгей әкенің, екінші рет өгей балалардың қарсылығына ұшыраған Эдгар По мен Сара Ройстер бірін-бірі құлай сүйіп тұрса да оларға бір шаңырақтың астында өмір сүру бақыты бұйырмапты. 1949 жылы қыркүйек айының соңғы күндерінің бірінде Эдгар Ричмондта тұратын Сарамен қош айтысып, Балтиморға кетіп қалады. Арада екі апта өткенде оны әлдебір адамдар ес-түссіз көшеде жатқан жерінен тауып алыпты. Кейбір деректерде, жазушының тұла бойын арақ пен нашаның жағымсыз иісі мендеп кетіпті деседі. Ауруханаға жеткен соң да оналмай, ақыры 1849 жылы 7 қазан күні өмірден озады. Оның жан тапсырардағы ең ақырығы сөзі: «О, құдайым! Менің байғұс жанымды құтқара көрші!», – деп шығыпты. Ал, сүйген адамы қайтыс болғанын естіген Сара мүлдем тұйық жанға айналады. Тіпті, бір кездері Эдгармен үйленгенін, некеде болғанын, екінші мәрте қайта кездесіп жүргендерін де жоққа шығарып, зерттеушілер

мен журналистері маңына жолатпапты. Тек, өзі қайтыс болар 1888 жылдан бірер жыл бұрын ғана доктор Джон Моран мырзаға бар сырын ақтарса керек. Мұнда Сара Ройстер «Эдгармен екінші мәрте кездескен соң тағы да жасырын түрде некелескендерін» мойындапты.

Ал, Эдгар По жерленген қабірдің басына барып жүрген белгісіз жан сол бойы анықталмаған. Бірақ, бірнеше жорамал бар. Біріншісі, Эдгар По қайтыс болған соң 27 жылдан кейін оның денесін шіркеуге жақын маңда орналасқан «жаңа қорымға» ауыстыру жұмыстары жүргізілсе керек. Алайда, жер қазушылар жаңылысып, Эдгар қабірін емес, оның жанына жерленген Мошеров әулетіне тиесілі өзге біреудің мүрdesін алып кетіпті-міс. Ескі қорымға келіп жүрген «жазушының рухы» болса керек. Екінші бір топшылау бұдан өзгереді, қисынға жақын келетіндей. Өйткені, «қабір басына белгісіз біреудің келіп-кетуі Эдгар Поның өмірден озғанына тура 100 жыл толған кезіне сәйкес келуі бекер емес» дейді зерттеушілер. Әйгілі тұлғаның еңбектерін оқып, жазушылығына бас иетін кейінгі ұрпақ «өмірден жақсылық көрмей өткен жазушыны әр жыл туған күнінде еске алып, өзі құмарта ішкен коньяк пен үш тал раушан гүлін қабіріне қойып кетуді парыз санаған» деседі. Демек, 59 жыл бойы әдеби әлемді дүрліктіріп келген «белгісіз зиярат етуші» елес те, рух та емес, кәдімгі екі аяқты, жұмыр басты пенде болып шығады. Алайда, жауапсыз қалатын тағы да бір маңызды сұрақ бар. Неге 59 жыл бойы екі-үш буын жыл құрғатпай зиярат етіп жүрген қабірге 2009 жылы жазушының туылғанына 200 жыл толған атаулы күннен бастап ешкім келмей кетті? Сірә, белгісіз жағдайда дүниеден өткен жазушының кейінгі өмірдерегі де шешуі қиын жұмбаққа айналған сынды. Ал, «жұмбақ шешуді жаны сүйетін» кейінгі зерттеушілердің көп екенін ескерсек Эдгар По шығармашылығы мен ғұмырбаяны әлі де талай тосын жайттарға толы болмақ.

Әдебиеттер

- 1 Ковалев Ю.В. Эдгар Аллан По. Новеллист и поэт: монография. – Л., 1984. – 280 с.
- 2 Осипова Э.Ф. Загадки Эдгара По: исследование и комментарии. – СПб., 2004. – 105 с.
- 3 По Э.А. Избранное: в 2 т. – Т. 2. – М., 1996.
- 4 По Э.А. Полное собрание рассказов. – М., 1970. – 360 с.

References

- 1 Kovalev Yu.V. EHdgar Allan Po. Novellist i poeht: monografiya. – L., 1984. – 280 s.
- 2 Osipova Eh.F. Zagadki EHdgara Po: issledovaniya i kommentarii. – SPb., 2004. – 105 s.
- 3 Po Eh.A. Izbrannoe: v 2 t. – T. 2. – M., 1996.
- 4 Po Eh.A. Polnoe sobranie rasskazov. – M., 1970. – 360 s.